

## **"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 4 тамыз N 1101

Қазақстан Республикасының теміржол саласында одан әрі монополиясыздандыру және бәсекелестік ортаны дамыту, сондай-ақ теміржол көлігі ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын заңдарда белгіленген тәртіппен одан:

1) "Көліктелеком" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын бөліп шығару және оны "Көліктелеком" ашық акционерлік қоғамы етіп қайта құру;

2) "Фирмалық көлік қызметін көрсету орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын бөліп шығару және оның негізінде "Көліктік сервис орталығы" ашық акционерлік қоғамын құру;

3) Қазақстан теміржол көлігі объектілерін техникалық-экономикалық жағынан зерттеу және жобалау мемлекеттік институты - "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазтеміржолкөлікжобалау" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын бөліп шығару және оны Қазақстан техникалық-экономикалық зерттеу және теміржол көлігі объектілері мен ақпарат жүйелерін жобалау институты - "Қазтеміржолкөлікжобалау" ашық акционерлік қоғамы етіп қайта құру;

4 )

5 )

6 )

Осы тармақта аталған ашық акционерлік қоғамдардың жүз проценттік мемлекеттік үлестерінің бар екендігі көзделсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан 4), 5), 6) тармақшалар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 244 қаулысымен. P000244\_

### **2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік**

және жекешелендіру жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігімен бірлесіп, заңдарда белгіленген тәртіппен кейіннен осы қаулының 1-тармағында аталған ашық акционерлік қоғамдарды жекешелендіру туралы ұсыныстар енгізе отырып, осы қаулыны іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК